

Белгілі ғалым Әнес Алтынбековтің туғанына - 100 жыл

Әнес Алтынбековтің біздің өлкемізде үздік, дара шыққан ғалымдардың бірі екенін біліп, бағалап, мақтан тұтуымыз орынды. Сырдарияның төменгі ағысында күріш егісінің дамып, қазақ елінде бұрын-соңды дамымаған, мол өнім болмаған ақмаржан күрішімен қамтамасыз етуге жарты ғасыр ғұмырын арнаған Әнес Алтынбекұлының ел тарихында алатын өзіндік орны бар ірі тұлға.

Оның шыққан тегін қысқаша айтсам, Дадан Тобықтының бір атасы Құмалақтан- Қожабай, Жабай туады. Бұл екі атаның ұрпақтары қазір ел басқару ісінде, әр салада ғылым жолын қуған алдыңғы қатарлы зиялылар. Сол Қожабайдан - Кенжебай - одан Алтынбек одан - Фаббас, ӘНЕС, Қым-

нында 20 жыл, Қызылорда облысында 50 жыл еңбек етті. Сонымен бір саланы өркендетуде, мол тәжірибе жинап, жаңа тәсілдерді пайдалану, нәтижесінде халыққа қызмет етудің ауқымды болатынын дәлелдеп те берді.

Әнестің өмірі туған жерінен шалғайда өтуіне де зұлмат жылдардың ағымы себеп болды. Ол 1906 жылы 15 наурызда Семей губерниясы Қарқаралы оязына қарасты Қотана-Балқаш болысында Қарабұлақ-Тоқырауын бойында дүниеге келген. (Қазіргі Ақтоғай ауданы, Нарманбет ауылы. Балқаш даласында ол бала кезінде мал бағып, егін егуге көмектесті. Жергілікті медреседегі молладан сауат ашып, Қарқаралыда мектепте оқы-



бына диссертация қорғады. 1952 жылдан ауыл шаруашылығы саласындағы түрлі жауапты лауазымда, Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы күріш тәжірибе станциясының мелиорация бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Ақ күріштің майталман маманы

ран және Зейнеш, Күнзада, Барап, Ғайныл деген қыздар. Ал Жабайдан - Шаймерден-Арыстанбек одан - академик Қайдар, одан белгілі елші Ақмарал қыз туады.

Алтынбектің отбасы қуғын-сүргін тақыретін көп тартқан. Ұлдары Фаббас 25 жасында «алашордашыл» деген желеумен 20-шы жылдары атылса, Қымран 1938 жылдың 23 қаңтарында «халық жауы» атанып, 24 жасында атылған. Қымранның ұсталы жөнінде Бижанның Қасеінің Ыбыштан туған немересі Әсия Қасенова (Алматыда тұрады) былай дейді: «1938 жылы Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумының студенті Қымран күндіз оқып, соңынан вагоннан жүк түсіреді, онсыз күн көру қиын. Әрі оқу, әрі қара жұмыстан шаршап, ыстықтан шөлдеп келген ол қолына шайын ала бергенде, белсенді комсомол басшысы жетіп келіп: «Тез жүр, Кировты атыпты, митинг болады, - деп зіркілдейді. Сонда Қымран: - Қоя тұршы, бір шыны шайымды ішіп алайын. Бір орыс өлді деп бәріміз қырыламыз ба? - деген ғой. Сол сөзі оны «халық жауы» атандыруға жеткілікті болған, кешікпей НКВД жөндөтері келіп, оны ұстап әкеткен. Сонан оның Қызылордада атылғанын 1957 жылы Қаулымен ақталғанын білдік. Сондықтан інісі Қымранның ісімен Әнес Алтынбеков күдіктілер тізіміне ілінген. Тіпті 1926-1931 Алматы ауылшаруашылығы политехникумының техникалық дақылдар бөлімінде оқып жүргенде Әнес «сезіктілер» ретінде тазартудан» екі рет өтеді. Себебі, ауылдағы туыстары Жабай ата ұрпақтары Садуақас, Тұрғанбек, сондай-ақ Сармантайдың Ахметжаны, Бижанның Қасені, т.б. қуғын-сүргін құрығына іліккен, айдалған, атылған болатын. Осы жайлар Әнестің өміріне қалай әсер еткені жайлы мынадай дерек бар:

«КСРО-дағы және Қазақстандағы ауыл шаруашылығы ғылымын вейсманнизм-морганизм және кеңестік биологиялық ғылым жақтас-тары арасындағы генетика мәселелері туралы пікірталас туған терең дағдарысты бастан кешіріп, көптеген ғалым-мамандар айдауға тап болды. Әнес Алтынбеков ұсынған күріш астығын көбейтудегі қол жеткен агротехникалық жетістіктерін тексеру басталды. Бұл тексеріс И.Сталиннің жақын серігінің ұлы, КСРО наркомы Л.Мехлистің жеке тапсырмасымен жүргізілді. (Р.Насыров «Глыба», «Советы Казахстана», 1991 жылғы 10 қазан).

Әнес Алтынбеков - Отанның патриоты, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысушы. 1933 жылдың өзінде Қазақстан агрономдарының алғашқы съезіне делегат бола тұра ол әріптестеріне бір ауданда немесе облыста он жылдай жұмыс істеу жөнінде үндеуге қол қояды. Өзі де Шиелі аудан-

ған. 1926 жылы Қазақ АССР Халық комиссариатының Алматы ауыл шаруашылығы политехникумының техникалық дақылдар бөліміне түскен. 1929 жылы үшінші курс студенттері Талғар ауыл шаруашылығы артелінде егін науқанын өткізуге жәрдемдеседі. 1931 жылдың наурыз айында Әнес Алтынбеков техникалық дақылдардың білікті агрономы атанды. Сол жылы бас агроном Әнес Қызылорда облысына жіберілді. Жас агроном қазақ жастарының ішінен маман кадрлар дайындаудың қажеттігін, олардың болашақта елеулі роль атқаратынын біліп, қатты көңіл бөлген.

Қармақшы ауданында Қаракеткен МТС бас агрономы қызметінде жүріп, жергілікті жастар есебінен механизаторлар курсы ұйымдастырып, бір қыстың ішінде 10 тракторшы дайындап шығарады. Оның басшылығымен Сырдарияның төменгі ағысы бойына күріш өсіру жұмысы басталған. 1931-35 жылдары ол күріштің жоғары сортты тұқымын егіп, мол өнім алғаны үшін «Социалистік егін егу үздігі», «ҚазССР-15 жыл» кеуде белгілерімен, Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің медальдарымен марапатталады. Сонымен Сыр бойында күріш егу тарихын Әнес Алтынбековтің 1931 жылдан бері бастағанын халқы мойындап отыр.

1940 жылдары Шиеліде бас агроном болып, 15 шаруашылыққа, оның ішінде үш корей колхозына кадрлар даярлайды. Ол агротехниканың жаңа тәсілдері енгізіле баспаған облыс шаруашылығының бетке ұстар еңбеккерлері мен мамандарының тұрақты мектебін басқарады. Білікті маман Әнес Алтынбеков агротехниканың жаңа тәжірибелерін ең мықты деген Ыбырай Жақаев пен Ким Ман Самның күріш алқабында жүргізді. Нәтижесінде мол астыққа қол жеткізді - гектарынан 150-172 центнерден жоғары өнім алды. Осы кезеңдерде ауданның 20 күрішшісі Социалистік Еңбек Ері атанған. Оның ішінде Ыбырай Жақаев пен Ким Ман Сам Сталиндік сыйлықтың лауреаттары болды.

Бірақ сол рекордтарды жүзеге асыруға ғылыми негізбен жанын сала еңбектенген Әнес Алтынбеков баяғы саясатпен елеусіз қалдырылған.

Әнес өзінің тәжірибе жұмысы мен сырттай оқуын және ауыл шаруашылығындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын біріктіре білген ерен еңбек иесі. 1936-1941 жылдары Омбы ауыл шаруашылығы институтында сырттай оқып, содан Алматы ауыл шаруашылығы институтының ВАСХНИЛ Қазақ филиалы жанындағы аспирантураны сырттай тәмамдады.

Қазақстандағы агротехникалық-тәжірибе жүргізушілердің ішінде бірінші болып «Қызылорда облысы жағдайында күріш егудің агротехникалық тәсілдері» тақыры-

ғыбырай Жақаевтың күріш алқаптарында Әнес Алтынбеков ойластырған күрішті өңдеу агротехникасы, оның әдістерін пайдалану экономикалық дағдарыс, жер және су ресурстарын үнемдеу, табиғатты аялау, Арал теңізі бассейнінің тұрақты даму шарттары жайлы ғылыми еңбектері үлкен мәнге ие болған. Әнес Ыбырай Жақаевтың тәжірибесі арқылы республика мектептеріне оқу бағдарламасын жасады.

Арал төңірегінде күріш алқаптарының бас маманы, Қазақстанның белгілі агрономы 1981 жылы 28 маусымда Қызылордада дүние салды.

Ерлі-зайыпты Әнес пен Зиба Алтынбековтердің отбасында жеті бала туып-өсті. Олар балаларының өздері сияқты өнегелі, білімді азаматтар болуы үшін жағдай жасаған. Дересін деген баласы - Қарағанды облысының жетекші гидрогеологы (1934-2003), Сәулеті - медицина ғылымдарының кандидаты, Семей медицина институтының доценті (1939-1988) болып, Нұрғайын-Алматының онкодиспансерінің рентгологы болған (зейнеткер), Тәуке - техника ғылымдарының кандидаты, Астанадағы халықаралық әуежай құрылысының атқарушы директоры, Нағима - ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты, Күләш - химия ғылымдарының кандидаты, кенжесі Әлім - құрылысшы. Балаларының барлығы ғылыммен айналасып, түрлі салада әке жолын абыроймен жалғастырған мамандар.

Қазақстанды күріш молшылығымен танымал еткен Әнес Алтынбековтің халыққа сіңірген еңбегін ғылыми қызметкерлер, күрішші-селекционерлер, топырақтанушылар және агрохимиктер қауымы, бүкіл Сыр бойы халқы жоғары бағалап, оның есімін құрметпен атап, еске түсіру күндерін өткізіп келеді.

КСРО көлемінде ғылыми еңбектерімен танылып, еліміздің ғылымын, экономикасын дамытуға сүбелі үлес қосқан жерлесіміз, бас агроном Әнес Алтынбеков еңбегі құйтырқалы саясатпен бағаланбай, атаусыз қалған арыстарымыздың бірі. Тек тәуелсіз елі енді ғана оны жарыққа шығара бастады. 1996 жылғы Қазақстанның күнтізбегінде 15 наурыз күні «Знатному рисоводу и агроному Анесу Алтынбекову 90 лет» деп көрсетілгені өшкенімізді тіріліп, әділет туғанының бір куәсі.

Исі қазаққа, бүкіл елімізге ортақ ұлт мақтанышы Әнес Алтынбековті еске алу рәсімін кіндік қаны тамған Ақтоғай жерінде, облыс көлемінде аталатын болса, нұр үстіне нұр болар еді.

Күләш САРДАРБЕК,
ҚР журналистер одағының мүшесі.
БАЛҚАШ қаласы.